

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қазандағы N 1106 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.25. N 1316 қаулысымен.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы құрестің әдістері мен нысандарын жетілдіру, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшага сәйкес құрамда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс органы болып Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы курес жөніндегі комитеті белгіленсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 10 қазандағы  
N 1106 қаулысына  
қосымша

**Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.28. N 496 қаулысымен .**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссияның  
құрамы:**

|                                  |   |
|----------------------------------|---|
| Мұхаметжанов<br>Бауыржан Әлімұлы | - Қазақстан Республикасы<br>Премьер-Министрінің орынбасары,<br>төраға                 |
| Жұмабеков Оңалсын<br>Исламұлы    | - Қазақстан Республикасының Әділет<br>министрі, төрағаның орынбасары                  |
| Байболов                         | - Қазақстан Республикасының<br>Әділет министрлігі                                     |
| Болат Әбілхақұлы                 | Нашақорлыққа және есірткі<br>бизнесіне қарсы күрес<br>жөніндегі комитетінің төрағасы, |
|                                  | хатшы   |
|                                  | Комиссия мүшелері:  |
| Сүлейменов                       | - Қазақстан Республикасының   |
| Қайырбек Шошанұлы                | Ішкі істер министрі   |
| Досқалиев                        | - Қазақстан Республикасының<br>Денсаулық сақтау министрі                              |
| Жақсылық Ақмырзаұлы              | - Қазақстан Республикасының   |
| Беркімбаева                      | Білім және ғылым министрі   |
| Шемша Көпбайқызы                 | - Қазақстан Республикасының<br>Ұлттық қауіпсіздік комитеті                            |
| Зәкиев                           | төрағасының орынбасары -<br>Шекара қызметінің директоры                               |
| Болат Сейітқазыұлы               | (келісім бойынша)   |
| Коржова                          | - Қазақстан Республикасының   |
| Наталья Артемовна                | Экономика және бюджеттік<br>жоспарлау бірінші вице-министрі                           |
| Сапарбаев                        | - Қазақстан Республикасы  |
| Бердібек Мәшбекұлы               | Кедендік бақылау агенттігінің<br>төрағасы   |
| Әбусейітов                       | - Қазақстан Республикасының   |
| Қайрат Қуатұлы                   | Сыртқы істер бірінші<br>вице-министрі   |
| Дәукеев                          | - Қазақстан Республикасының   |
| Серікбек Жұсіпбекұлы             | Ұлттық ғылым академиясының<br>президенті (келісім бойынша)                            |
| Қосмұхаметова                    | - Біріккен Ұлттар Ұйымының  |
| Жәннат Оразымбетқызы             | Есірткі және қылмыстар<br>жөніндегі басқармасының<br>Қазақстан бойынша                |

бағдарламаларды ұлттық  
үйлестіруші (келісім бойынша)

Сисенбаев Тағыр

- Қазақстан Республикасының Каржы

Мұсауды

вице-министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2002

жылғы

10

қазандары

N

1106

қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Нашақорлыққа және  
есірткі бизнесіне қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі  
комиссия туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Нашақорлыққа және  
есірткі бизнесіне қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

### **2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары**

#### **3. Комиссияның негізгі міндеттері:**

1) Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы курестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясын жүзеге асыруда жәрдемдесу;

2) мыналар жөнінде ұсынымдар әзірлеу:

есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-әрекет саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру;

нашақорлыққа және есірткі бизнесіне, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күреске бағытталған

іс-шараларды іске асыру және одан әрі жетілдіру; нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық базасын жетілдіру болып табылады.

4. Оған жүктелген міндеттерге сәйкес Комиссияның функциялары мыналар жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады:

1) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдалануға қарсы күрестің, нашақорлықтың алдын алу, нашақор адамдарды емдеу және әлеуметтік оңалтудың негізгі бағыттарын айқындау;

2) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы құрес саласындағы құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың қызметін одан әрі жетілдіру;

3) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы құрес саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жетілдіру;

4) таяу және алыс шетел мемлекеттерінің құқық қорғау, арнаулы және өзге де құзыретті органдарымен тиімді ынтымақтастық жасау;

5) ел халқының есірткіге қарсы әлеуметтік иммунитетін қалыптастыру.

### **3. Комиссияның құқықтары**

#### **5. Комиссия мыналарға құқылды:**

1) Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдардан сұратуға және алуға;

2) аймақтардағы нашақорлық ахуалын талдау және зерделеу үшін мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарының мамандарын қажеттілігіне қарай тартуға;

3) Комиссияның құзыретіне енетін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін Комиссия отырыстағында тұңдауға;

4) осы бағыттағы жұмысты одан әрі жетілдіру жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуға;

5) Комиссия құзыретіне жататын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

### **4. Комиссия жұмысын ұйымдастыру**

6. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, оның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

7. Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды және отырыс аяқталғаннан кейін хаттаманы ресімдеуді Комиссия хатшысы жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы курес жөніндегі комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

9. Комиссия отырысын өткізуге материалдар дайындауды Комиссия хатшысы жүзеге асырады, ол отырыстың өткізілуінен кемінде 3 күн бұрын Комиссия мүшелеріне барлық қажетті құжаттарды жібереді.

10. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі. Комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Комиссия отырысы құқылы болып саналады.

11. Комиссия шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданды деп саналады әрі Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған кезде Төрағаның дауысы шешуші болады.

Хаттамаға Комиссия Төрағасы мен хатшысы қол қояды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК